Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша АНЫҚТАМА

Мамыр, 2026 ж.

Оқу жылының қорытындысына орай, тамақтану сапасын бақылау тобы 2026 жылдың мамыр айында асхана жұмысына қорытынды тексеру жүргізді14 мамырда мектеп асханасында білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы мен дайын тағамдардың желінбеу индексіне мониторинг жасалды. Тамақтану бірнеше кезең бойынша ұйымдастырылған. Тексеру нәтижесінде «Балық тефтельдері» – 56,7%, «Жасыл бұршақ гарнирі» – 42,5%, «Картоп пен сәбіз пюресі» – 31,7% желінбеу көрсеткішін көрсетті, бұл рұқсат етілген нормадан жоғары. Ал «Сүт қосылған какао» мен «Қара бидай/бидай наны» толық тұтынылған. Жоғары желінбеу көрсеткішінің негізгі себептері ретінде оқушылардың дәмдік талғамы, кейбір тағамдардың балалар үшін үйреншікті болмауы және асхананың шамадан тыс жүктелуі анықталды. Сонымен қатар, 1-сыныптар үшін 5 минуттық үзіліс уақытының жеткіліксіздігі байқалды.

Сонымен қатар, тексеру барысында оқу жылы бойындағы ас мәзірінің орындалуы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, аспазшылардың еңбек тәртібі мен жұмыс сапасы сарапталды. . Жаңадан ауысқан жеткізуші «ИП Касимова» өз жұмыстарын сауатты жүргізіп бастағаны аңғарылады. Сәуір айында енгізілген жаңа мәзірді балалар да ата – аналар да жақсы қабылдағаны байқалады. Асханада тиым салынған заттар сатылмайды. Буфет бағалары да қолжетімді.

Ұсыныс: Келесі оқу жылында тамақтану кестесін оңтайландыру, үзіліс уақытын қайта қарастыру, оқушылар арасында дұрыс және теңгерімді тамақтану бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту, жазғы демалыс кезінде асхана бөлмелеріне санитарлық тазалау және желдету жүйесін дезинфекциялау жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Әлеуметтік педагог: Кулжабекова С. О
87767061181



00:02 / 00:22

00:01 / 00:05